

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№3 (2024)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/NCYE9704>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/DQPY8624>***С. С. Исакова¹, Н. Қ. Құлтанбаева², Г. Г. Ермекбаева³**^{1,2,3}Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті,

Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қ.

*e-mail: sabira-i@yandex.ru¹ORCID: <http://orcid.org/0000-0003-2986-8885>²ORCID: <http://orcid.org/0000-0003-4609-6135>³ORCID: <http://orcid.org/0000-0001-5497-1062>

ӘЗІЛ-ОСПАҚ ДИСКУРСЫ: ЗЕРТТЕЛУІ, АНЫҚТАМАСЫ, ЖІКТЕЛУІ ЖӘНЕ ОҒАН ТӘН БЕЛГІЛЕР

Мақала әзіл-оспақ дискурсын зерттеуге арналады. Зерттеудің өзектілігі қазақ тіл білімінде әзіл-оспақ дискурсының арнайы зерттеу нысаны болмағандығымен түсіндіріледі. Әзіл, сықақ, кекесін т.б. күлкі категориясына жататын ұғымдардың философия, психология, логика, әдебиеттану салалары бойынша жан-жақты қарастырылғаны белгілі. Дегенмен тіл білімінің антропоөзектік парадигмасы аясында әзіл-оспақ дискурсын зерттеу жалпыадамзаттық әмбебап сипаттар мен этникалық ерекшеліктерді анықтауға мүмкіндік береді. Ғылыми жұмыста дискурс терминіне берілген анықтамаларға талдау жасалады. Әзіл-оспақ дискурсының шетелдік және отандық зерттеушілер тарапынан зерделенуі қарастырылады. Әзіл-оспақ дискурсы ұғымына берілген анықтамалар талдана келе, өзіндік тұжырым ұсынылады. Күлкі мен комедиялық ұғымдардың аражігі анықталады. Әзіл-оспақ дискурсының жанрлық жіктелуі сөйлеу актісі теориясы мен мәтінтану ілімі бойынша зерттеледі. Әзіл-оспақ дискурсының репрезентативті, декларативті, бағалау, коммуникативті, карикатуралық, фатикалық, референтті, аккумулятивті, конативті әзіл-оспақ жанрлары болатыны анықталады. Әзіл-оспақ дискурсына тән үш белгі ажыратылады: қарым-қатынасқа қатысушылардың байыпты әңгімеден бас тарту мақсатындағы коммуникативті ниеті; қарым-қатынастың әзіл-оспақ атмосферасы, яғни достық қарым-қатынаста еркін сөйлесу, қысылу, тартынудың болмауы және өзекті ұғымдарды

жұмсақ түрде сыни тұрғыдан қайта қарауға деген ұмтылыс; осы лингвомәдени ортада қабылданған күлкі мінез-құлқының белгілі бір үлгілерінің болуы.

Кілтті сөздер: әзіл-оспақ дискурсы, күлкі, әзіл, комедиялық, сөйлеу актісі жанрлары, әзіл-оспақ атмосферасы, күлкі мінез-құлқы, коммуникативті ниет.

Кіріспе

Әзіл-оспақ дискурсы күлкі тудыру үшін айтылған мәтін болып саналады. Тілді мәдениет арқылы зерттеу ұлттың өзіндік ерекшелігін анықтауға мүмкіндік береді. Тіл – мәдениетті жасаушы, дамытушы және сақтаушы, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші құрал. Әзіл-оспақ дискурсын зерттеу пәнаралық сипаттағы қосымша мәліметтермен, соның ішінде лингвомәдениеттану, лингвосемиотика, прагматилистика, мәтін/дискурс теориясы, психолингвистика, салыстырмалы-салғастырмалы тіл білімі салаларымен бірге зерделенеді. Әзіл-оспақ дискурсын зерттеудің өзектілігі тілдің дискурстық және лингвомәдени аспектілеріне деген қызығушылықтың артуымен, әзіл-оспақ дискурсының дискурстың ерекше түріне жататындығымен, әзіл-оспақ дискурсы жанрын басқа дискурс түрлерінен ажырату мәселесінің ғалымдар арасында пікірталас туғызуымен, дискурстың осы түрінің қазақ тіл білімінде арнайы зерттеу нысаны болмағанымен, адам қарым-қатынасының әртүрлі саласында әзіл-қалжыңның маңыздылығымен, әзіл-оспақ дискурсын зерттеліп отырған тіл сөйлермендерінің ұлттық санасы мен дүниетанымын бейнелейтін құрал екенін анықтаумен түсіндіріледі. Ғылыми жұмыста бұған дейінгі зерттеулерде қарастырылмаған төмендегідей мәселелер шешімін табады: әзіл-оспақ дискурсының когнитивті-дискурсивті теориясы бірізді және жүйелі түрде зерделенеді; әзіл-оспақ дискурсы бойынша жазылған шетелдік және отандық ғалымдардың еңбектері талданады; әзіл-оспақ дискурсы ұғымы, оған тән белгілер анықталады; күлкі мен комедиялық ұғымдары ажыратылады; әзіл-оспақ дискурсының жанрлық жіктемесі дәйектеледі; әзіл-оспақ дискурсындағы әмбебап белгілер мен ұлттық ерекшеліктер анықталады, талданады, тұжырымдар жасалады. Аталған еңбектің идеясы осы жағынан өзекті болмақ.

Материалдар мен әдістері

Талдау әдісі әзіл-оспақ дискурсына қатысты теориялық мәліметтер мен тұжырымдарды талдауда қолданылады; дискурс-талдау әдісі әзіл-оспақ дискурсының басқа дискурс түрлерінен ажырату мақсатында, оған тән жанрлық белгілерді анықтау үшін, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын көрсету мақсатында қолданылады; дефинициялық талдау әдісі зерттеудің

тірек ұғымдарын анықтау мақсатында және ғылыми еңбектің ұғымдық аппаратын қалыптастыруда қолданылады.

Нәтижелер және талқылау

Қазіргі тіл білімінде әзіл-оспақ дискурсының зерттелуіне ерекше назар аударылып отыр. Қазақ тіл білімінде әзіл-оспақ дискурс шеңберінде арнайы зерттелмегенімен, Т. Қожакеев сатираны стилистика тұрғысынан [1], А. Салихова әзіл тудырудың тілдік табиғаты [2], Г. Ибраева сықақ жанрының тілдік амал-тәсілдерін [3], сонымен бірге қазақ әзілдерінің тақырыптары, сатира мен әзілдің лингвистикалық ерекшелігі, қазақ сатирасының тілі, сатиралық дискурс мәселелері жан-жақты зерделенген. Қазақ әзілдерінің тақырыптық ерекшеліктері туралы Г. Н. Смағұлова, Г. А. Әмірханова жазды. Мақала авторлары әзілдің қайда, қандай жағдайда айтылатындығына тоқталып, тақырыптарға бөліп қарастырған [4]. Қазақстандық орыс тілді баспасөздегі сатира мен әзілдің қолданылуына кешенді талдау жүргізген құнды еңбектердің бірі ретінде И. В. Жумагулованың «Қазақстанның орыс тілді баспасөзіндегі сатира мен әзіл: лингвистикалық аспект» зерттеуін [5] атауға болады. Зерттеу жұмысында бұған дейінгі орыс тілді қазақстандық баспасөздегі сатира мен әзілдің қызметі функционалды-семантикалық аспектіде қаралып, мәтіндік тұтастық қалыптастырудағы күлкінің рөлі зерттелген. Қазақ прозасындағы сатира мен әзілді әдебиет тұрғысынан А. Мұсаев зерттесе, сатира тілін лингвистикалық тұрғыдан талдаған ғалым Б. М. Мәуленованың еңбегін атай аламыз. Шығармалар тілінің ақпараттық, функционалдық қызметі, шығармалардағы антропонимдік атаулар қарастырылған. Мәтінаралық бірліктердің қызметтерін анықтап, топтастырып, қазақ сатирасындағы графикалық әдістердің басымдығын көрсеткен [6]. А. Қ. Қопаева көркем мәтіндегі қалжың мен тілдік оралымдарды зерттеді [7]. А. Б. Альжанова, М. Альжановтың «Қазақстандағы орыс тілді баспасөздегі сатиралық дискурс» мақаласында қазақстандық орыс тілді журналистер тілінің сөз саптау жүйесі, сатира мен юморды қолданудағы ерекшеліктері мен қырлары талданған [8]. Көріп отырғанымыздай, қазақ тіл білімінде әзіл, сатира тақырыптарындағы арнайы зерттеулердің басым көпшілігі орыс тілі материалдары бойынша жазылған. Бұл қазақ тіл білімінде әзіл-оспақ дискурсын, оның жанрлық ерекшелігі мен өзіне тән белгілерін жан-жақты зерттеу қажеттігін көрсетеді.

Әзіл-оспақтың түрлері, категориялары мен көріністерінің көптігіне сәйкес, оның теориялары да көп. Олардың ең маңыздылары В. Раскин, С. Аттардо, В. И. Карасик, А. А. Зализняк, Г. Г. Почепцова және тағы басқа ғалымдарға тиесілі. Әзіл-оспақ адамның субъективті бейнесінің көрінісі болғандықтан, оны антропоэзеттік аспектіде зерттеу де назардан тыс қалмайды. Р. Раскин өзінің шәкірті С. Аттардо екеуі әзіл-оспақтың

семантикалық теориясын ұсынды, оған сәйкес әзіл-оспақ тек қарапайым тілдік мағына емес, екі мәнмәтіннің кездейсоқ қиылысынан пайда болатын жағдаят ретінде қарастырады. Яғни адамның таным жүйесінде бір-біріне мүлдем сәйкес емес екі мәнмәтін соқтығысады, мұны ғылым тілінде когнитивті диссонанс деп атайды, бұл адамға белгілі бір психологиялық кедергі тудырады, ал күлкі содан шығудың жолы болып саналады [9, 302]. Сонымен бірге С. Аттардо өзінің еңбектерінде әзіл-оспақты прагматика тұрғысынан қарастырады. Ғалым әзіл-оспақ (атап айтқанда, әзілдер) П. Грайс ұсынған қарым-қатынастың төрт ұстанымын (ақпараттың сапасы, саны, релеванттылығы, айқындылығы) [10, 49] үнемі бұзатындығын атап көрсетеді [11, 541].

В. Хлопицкий, Д. Бжозовскаяның «Humorous Discourse»/«Әзіл-оспақ дискурсы» кітабы [12] әзіл-оспақты зерттеу мәселелерін талқылайды. Кез келген дискурс – әрекет, сондықтан мәтінді құру үдерісі әрдайым әлеуметтік және коммуникативті жағдайға және тиісті мәдениеттің фонына негізделген бейвербалды контексте жүреді. Екінші жағынан, әзіл зерттеушілері әзіл-оспақ дискурсын басқа дискурстардан ерекшелендіретін өзіндік ерекше, маңызды белгілері бар деп санайды. Ч. Дэвистің «Ethnic humor around the world: A comparative analysis» / «Бүкіл әлемдегі этникалық әзіл: салғастырмалы талдау» [13] кітабында әртүрлі қоғам әзілдері ғылыми тұрғыдан зерттелген.

Күлкі әлеуметтік маңызды эстетикалық категория ретінде және оның ұлттық-мәдени ерекшелігін анықтау тұрғысынан зерттелген еңбектерге А. А. Беляев, Ю. Б. Боров, Б. Дземидок, В. И. Карасик т.б. айтуға болады. М. О. Калинцева әзіл-оспақ дискурсын күлкі дискурсының бір түрі ретінде қарастырады. В. И. Карасик әзіл-оспақ дискурсы шындық өмірге деген ерекше күлкілі қарым-қатынаспен сипатталады деп жазады. В. И. Карасик күлкілі мәтіндерді құрудың алгоритмін ұсынады. Л. В. Косинова «Қытай күлкі дискурсы» деген мақаласында қытай мәдениетіндегі күлкінің ерекшеліктеріне талдау жасады. Л. В. Бородинна әзіл-оспақ дискурсындағы антропоцентризм мәселесін орыс және француз әзіл әңгімелері бойынша зерттеді. О. А. Билан әзіл мәтіндеріндегі этникалық стереотип көріністерін орыс, ағылшын және француз тілі материалдары бойынша зерттеді.

Сонымен, әзіл-оспақ дискурсы ұғымын анықтауда В. И. Карасик ұсынған «күлкілі қарым-қатынас жағдаятындағы мәтін» деген тұжырымын басшылыққа ала отырып, әзіл-оспақ дискурсын өмір шындығын бейнелеудегі күлкілі қарым-қатынас жағдаятындағы мәтін деп анықтап, оған экстралингвистикалық, әлеуметтік, мәдени, психологиялық және тағы басқа факторлар ықпал етеді деп тұжырымдаймыз. Әзіл-оспақ дискурсы ұғымын анықтап алған соң, оның жанрлық жіктелуіне назар аударған дұрыс.

Дискурстың кез келген түрін қабылдау кезінде тыңдаушыны белгілі бір типтік коммуникативті жағдаятқа бейімдейтін жанрды ажырату, тану мәселесі үлкен маңызға ие. Қарым-қатынасқа қатысушылардың сөйлеу жанрының формальды-лингвистикалық тұтастығын тануы мен жанрды ажыратуы әртүрлі тілдік, сөйлеу және коммуникативті бірліктердің күрделі, кешенді өзара байланысымен қалыптасады. Жанрлар жүйесі сол қоғамның құндылықтар жүйесін бекітеді: бір жағынан, әр жанрдың артында оның мақсаттары мен белгілерін анықтайтын өзіндік құндылықтар жүйесі бар, ал екінші жағынан, жанрлардың өзі тұтастай алғанда қарым-қатынас үшін құндылық болып табылады. А. Вежицкаяның пікірінше, сөйлеу жанрлары сол қоғамның мәдениетін түсінуге көмектеседі.

Психоллингвистикалық тұрғыдан алғанда, сөйлеу жанры белгілі бір менталды үлгі ретінде «есте сақтауды құрылымдық жағынан ұйымдастырудың ерекше түрі» болып саналады; әрбір тіл сөйлермені сөйлеу жанрларының белгілі бір жиынтығына ие болады, бұл оның жанрлық құзыреттілігін құрайды. Тіл сөйлерменінде жақсы қалыптасқан жанр жүйесінің болуы оның сөйлеу әрекетін жеңілдетеді, осылайша адамдар «жанрға тәуелді болады». Біз жанрды адамдардың өзара әрекеттесуінің типтік жағдайының ауызша түрі, біртұтас мақсатпен және белгілі бір дәрежеде бірдей немесе жақын тақырыппен біріктірілген, типтік коммуникативті жағдаятта жүзеге асырылатын ұқсас композициялық формалары бар мәтіндік шығармалар жиынтығы ретінде анықтаймыз.

Күлкілі қарым-қатынас түріне, әзіл-оспақ дискурсына назар аударатырып, зерттеушілер күлкілі құбылыстың әртүрлі жақтарын көрсететін көптеген терминдерге кездеседі. Бұл ұғымдарды ажырату өте күрделі болып табылады. Күлкі, тапқырлық, ирония, әзіл, әзіл-оспақ, сатира және т.б. – карнавал мәдениетінің бөлігі, карнавал санасының көрінісі ретінде күлкі жағдаятына және күлкілі шығармаларға тікелей қатысты ұғымдар деп тануға болады. Комедиялық – ең кең ұғым, бұл әлеуметтік маңызы бар ерекше эстетикалық категория. В. Я. Пропп күлу немесе күлкі тудыратын барлық нәрсені комедиялыққа жатқызады [14]. А. Бергсон комедиялықты мағыналы ойын ретінде қарастырады; комедиялыққа біздің реакцияларымыз бен эмоцияларымызды реттейтін тыйымдар мен нормалар іске қосылмаса, ойнауға және күлуге болатын барлық нәрсені жатқызуға болады деп жазады [15]. Комедиялықты қарастыру «күлкі» және «күлдіргі» ұғымдарына жүгіну қажеттілігін тудырады. В. Пропп комедиялық пен күлкіні комизм ұғымымен біріктіреді [14]. Күлкі – комедиялықтың ең көп таралған белгісі және оның көрінетін нәтижесі. Алайда комедиялық әрдайым күлкі тудырмайды, керісінше, күлкі – әрқашан комедиялық бола бермейді. Бір жағынан, күлкі мен күлімсіреу – бұл физиологиялық реакция, мысалы,

адамның қуанғаннан күлуі, досын немесе жақын танысын көргендегі күлімсіреуі, сәбидің анасына күлімдеуі т.б. бұл күлу комедиялық емес, табиғи күлкі болып саналады; екінші жағынан, күлкі әлеуметтік рөл атқарады, әлеуметтік қарым-қатынас құралдарының бірі болып табылады. Дәл осы күлкі функциясы комедиялыққа тән. Мысалы, адамның жағымсыз мінез-құлқын, қоғамға жат әрекеттерін күлкі арқылы жеткізіп, оларды болдырмауға ықпал ету. Күлдіргі нәрсенің бәрі комедиялық бола бермейді. Комедиялыққа жауап беру әзіл сезімінің болуы мен оны көрсету қабілетінен көрінеді.

С. Ликок әзілді өмірдің сәйкессіздіктеріне деген оң көзқарас және бұл қатынасты өнер арқылы білдіру немесе осы қатынасты білдіруге мүмкіндік беретін сезім ретінде анықтайды [16]. В. И. Карасик әзіл – бұл өмірдің күлкілі жақтарын қабылдау қабілеті, адамның негізгі сипаты деп санайды [17]. М. А. Кулиничтің пікірінше, әзіл – бұл шындықтың жеке бөліктерін түсінудің ерекше тәсілі, адамдардың жетілуінің ерекше көрсеткіші [18]. Біз әзілді тұтастай алғанда күлкіні тудыратын шындықтың жекелеген бөліктеріне оң көзқараспен сипатталатын болмысты түсіну мен бейнелеу тәсілі ретінде түсіндіреміз. Кекесін мен сықақ, біздің ойымызша, әзілдің түрлері болып саналады. Әзілден айырмашылығы, сықақ әрқашан онсыз да жағымсыз құбылысты төмендетуге, оны күлкілі, ұсқынсыз етіп көрсетуге тырысады. Кекесінде шынайы мағына жасырын тұрады. Әзіл бар нәрсені сол қалпында сипаттайды.

Әзіл-оспақ дискурс ішіндегі жанрларды бөлу және олардың жанрлық шекараларының айқын еместігіне байланысты күрделі болып саналады. Д. Боксер мен Ф. Кортес-Конде тұрмыстық әзілдің үш түрін ажыратады, қабылдаушы мен әзіл нысанының жіктелу принциптеріне қарай: 1) мазак ету (teasing), 2) жоқ нәрсе туралы әзілдер (joking about an absent other), 3) өзін-өзі қорлау (selfdenigrating joking) [19]. Әзіл-оспақтың осылай жіктелуі дұрыс, бірақ ол күлкілі қарым-қатынастың мүмкін түрлерінің барлығын қамтымайды.

Әзіл-оспақ дискурсының қалған жанрлары қалыптасатын негізгі сөйлеу жанрын бөліп көрсететін тәсілге назар аударған дұрыс. Бұл, ең алдымен, С. Н. Плотникова атап өткендей, күрделі дискурстық формация болып табылатын әзіл-оспақ дискурсының ерекшелігіне байланысты. Бір жағынан, комедиялық дискурс идеалды мәтіндердің белгілі бір жиынтығында жүзеге асырылады, бұл оны дискурстың функционалды прагматикалық түрлеріне жақындатады. Екінші жағынан, бұл дискурс ерекше менталдылықты білдіруге бағытталған, бұл оның кез келген басқа дискурсқа оңай еніп кетуіне мүмкіндік береді.

Әзіл әртүрлі мәтін түрлерінің бөлігі болуы мүмкін. Кез келген нысанға күлкілі көзқарасты газет мақалаларынан, публицистикадан табуға болады,

тіпті өте маңызды лирикалық шығармалар әзіл-оспақ түрінде жазылған үзінділерді қамтуы мүмкін. Ю. В. Шурина комедиялықтың сөйлеу жанрларын және күнделікті қарым-қатынас саласындағы әзіл-қалжыңды, анекдотты, афоризм, велеризм, фразка, диалогтік миниатюра, эпиграмма және тағы басқаларын қарастырады. Бұл жерде тұрмыстық әзіл-қалжыңның сөйлеу жанры бастапқы комедиялық сөйлеу жанры ретінде сипатталады. Әдеби-көркем қарым-қатынас саласындағы әзіл-оспақ дискурсының барлық сөйлеу жанрлары екіншілік жанр ретінде танылады.

В. З. Санников атап өткендей, әр әзілдің әзіл-оспақ, кекесін немесе сықақ бағыты болады, бірақ бүкіл мәтінге тән әзіл-оспақтан, кекесін мен сықақтан айырмашылығы, әзіл шығарманың құрылымында жекелік сипатта сақталады және одан алып тастауға болады. Сонымен қатар тілдік әзіл – бұл күлкілі мазмұны бар көлемі шектеулі мәтін (немесе мәтіннің дербес бірлігі). Қарым-қатынасқа қатысушылар күлкі орынды болатын ерекше атмосфераны орнатады.

Көптеген зерттеушілер әзіл жанрын әзіл-оспақ дискурсының орталық жанры ретінде анықтайды. Әзіл анекдоттың сөйлеу жанрының негізі ретінде ұсынылады, ол өзінің баяндау сипатымен және неғұрлым нақтылы мазмұнымен ерекшеленеді. Анекдот жанры фольклорлық дәстүрге сүйенеді, ертегі, миф элементтеріне ие. Анекдот ауызша әдебиет түрлерінің қатарына жатады және фольклорлық мәтіндер жанрының заңдарына сәйкес құрылады [17]. В. И. Карасик анекдотты мәтіннің осыған ұқсас басқа түрлерінен ажырататын белгілерімен сипатталатын баяндаудың тұрақты түрі ретінде қарастырады. Негізінде бұл сөйлеу жанры жағдаятты-тақырыпты қазіргі қарым-қатынас жағдаятымен үйлестірумен сипатталатын ауызекі қарым-қатынасты білдіреді [17]. Анекдот қазіргі нақты қарым-қатынас жағдаяты мен ойдан шығарылған сюжеттің үйлесімімен сипатталады. А. Е. Кургановтың пікірінше, анекдот – бұл «реті келсе кез келген жерде көрінетін жанр». Анекдоттың өзі қажет емес және қызықты емес, анекдот, ең алдымен, басқа жанрлық заңдарға сәйкес жұмыс істейтін мәтіндерге еніп барып қызмет етеді. Анекдотты мәтіндегі дәстүрлі мәтін ретінде қарастыруға болмайды (бұл жанрдағы жанр).

Анекдоттың мәтінаралық табиғаты оның прецеденттік мәтін ретінде қызмет ететіндігінен көрінеді. Демек, анекдот жоғары мәтінаралық сипатқа ие: бір жағынан, ол дискурстың басқа түрлеріндегі өзгеше жанрлық сипаттамалары бар мәтіндерге еніп, өзімен-өзі қызмет етеді, ал екінші жағынан, бұрынғы мәтін түрлерін қолдана отырып оған сілтеме жасауға болады.

Жанрларды олардың функционалдық бағыты бойынша бөлу ең маңызды болып табылады. Әзіл-оспақ дискурсының жанрлық жіктелуі туралы

жазылған еңбектерге сүйене отырып, оларды төмендегідей бөлуге болады: репрезентативті әзіл-оспақ жанрлары (эпиграмма); декларативті әзіл-оспақ жанрлары (әзіл-оспақ афоризмі); бағалау әзіл-оспақ жанрлары (фельетон, пародия, сатиралық роман – осындай жанрлық бағыттағы шығармаларда автор өзінің көзқарасын, талқыланатын нәрсені бағалауды адресаттың тиісті реакциясын күте отырып білдіреді); коммуникативті әзіл-оспақ жанрлары (анекдот, әзіл, балалар тақпағы, бос сөз, велеризм – бұл жанрлар негізінен ауызша сөйлеуде кездеседі және ақпарат алмасу құралы ретінде қызмет етеді, сонымен қатар бұл әңгімелесушілерге ортақ тілді тезірек табуға көмектесетін әзіл түрінде болады); карикатуралық әзіл-оспақ жанрлары (фельетон, пародия, ирониялық поэзия, сатиралық роман, лимерик – оларда шындық біршама өзгертілген, бұрмаланған түрде ұсынылған, бұл оқырманның (әңгімелесушінің) назарын шындықтың белгілі бір бөліктеріне аудару мақсатында әдейі жасалады); фатикалық әзіл-оспақ жанрлары (әзіл, анекдот – ауызша сөйлеуде жиі қолданылады, қарым-қатынасты жеңілдетеді және жақсы қарым-қатынасты қалыптастырады; референтті әзіл-оспақ жанрлары (частушка, әзіл-оспақ афоризм – жинақталған адам тәжірибесін әзіл түрінде көрсетеді); аккумулятивті әзіл-оспақ жанрлары (сатиралық роман, ирониялық поэзия – ақпарат беру үшін ғана емес, сонымен қатар және оны сақтау үшін); конативті әзіл-оспақ жанрлары (адресаттың белгілі бір реакциясына бағытталған – адресат «әзілді» түсінуі керек, әйтпесе сөйлеу әрекеті болмайды).

Әзіл-оспақ түрлерінің көптігіне байланысты оның жанрларының бірыңғай жіктемесін құру қиындық тудырады. Алайда бұл жанрлардың ішкі жіктемесін, олардың жалпы белгілері мен айырмашылықтарын түсіну комедиялықтың табиғатын түсінуге, сондай-ақ әзіл жанрларының ерекшеліктерін біріктіретін әзіл-оспақ атмосферасын, оның ерекше табиғатын тануға, коммуниканттардың қарым-қатынас түрі мен жағдаятты ескере отырып оларды жүзеге асырудың түрлі формаларын табуға мүмкіндік береді. Енді әзіл-оспақ дискурсына тән белгілерді қарастырайық.

Әзіл-оспақ дискурсының маңызды өлшемі күлкі болып табылады: тыңдаушының көңілін көтеру, көңілін аулау немесе күлдіру. Тағы бір мақсат – адресатқа эмоционалды әсер ету: позитивті - көңілін көтеру, жұбату, сондай-ақ теріс жақтан – ренжіту, кемсіту, балағаттау, ауыр сөздер айту. Әзіл-қалжың сөйлеу әрекетінің нақты мақсаттары қарым-қатынас барысымен тікелей байланысты бола тұра төмендегідей бөлінеді, атап айтқанда: а) қалыпты қарым-қатынасты қолдау, оны ұзарту; б) қарым-қатынас барысын бұзу, коммуникативті жанжал тудыру немесе қарым-қатынас үдерісін тоқтату; в) орын алған коммуникативті жанжалды жою немесе болуы ықтимал коммуникативті жанжалдың алдын алу. Жалпы,

әзіл-оспақ, ойын дискурсының мақсаты – «адамды табиғат пен өзіне ұқсас детерминизмнен босату, сөйлеу әрекеті, қабылдау мен мінез-құлықтың қалыптасқан стереотиптерін жою» [20, 193].

Әзілді түсіну тікелей үш факторға байланысты: қарым-қатынас жағдаяты, сондай-ақ хабарламаны жіберуші және қабылдаушы коммуниканттар. Хабарламаны жіберуші мен қабылдаушы сөйлеу актісіндегі маңызды тұлғалар болып табылады, олардың мәні көптеген аспектілермен анықталады, соның ішінде олардың қарым-қатынас жағдаятын жасауға қатысуы. Сондықтан мұндай жағдайларды қарым-қатынас саласы деп атауға болады. Қатысушылардың жағдаятты түсіну деңгейінің өзгеруі әзіл-оспақ әрекетінің нәтижесі, яғни оның сәтті аяқталуы екенін атап айту керек.

Хабарлама жіберуші жіберетін және қабылдаушы бөлісетін күлкі қатынасы, осы күлкі көзқарасын қабылдау және хабарлама жіберушінің субъективті позициясын бағалау, қарым-қатынастың барлық қатысушыларының хабардар болуын талап етеді, сондықтан қатынас субъектісі бұл туралы белгі береді. Күлкі қатынасы қандай да бір қателіктің болуын білдіреді, ал хабарлама алушы оның «әдейі осылай айтылғанын» түсінуі керек, әйтпесе ол тиісті сөзді немесе сөз тіркесін жай ғана қате немесе дәлсіздік деп бағалай алады, нәтижесінде коммуникативті сәтсіздік пайда болады. Сондықтан күлкі қатынасын қолдану туралы белгі беретін ерекше маркерлер болады, басқаша айтқанда, В. И. Карасик бөліп көрсеткен ерекше белгілерге мыналар жатады:

- қарым-қатынасқа қатысушылардың байыпты әңгімеден бас тарту мақсатындағы коммуникативті ниеті;

- қарым-қатынастың әзіл-оспақ атмосферасы, яғни достық қарым-қатынаста еркін сөйлесу, қысылу, тартынудың болмауы және өзекті ұғымдарды жұмсақ түрде сыни тұрғыдан қайта қарауға деген ұмтылыс;

- осы лингвомәдени ортада қабылданған күлкі мінез-құлқының белгілі бір үлгілерінің болуы [20].

«Коммуникативті ниет оны жүзеге асырудың бірнеше кезеңдерінен өтеді: әзілдесуге ұмтылыс, әзілдесуге болатын/болмайтын жағдаят па, соны бағалау, әзілді айту, адресаттың реакциясын бағалау» [20, 253]. Әзіл-оспақ коммуникативті ойды жүзеге асыру бірден іске асырылатындығын атап өту керек, сондықтан оны кезеңдерге бөлу шартты болып табылады. Көзқарас, ым-ишара, жест, дауыс тембрінің ерекшеліктері – реципиенттің бейвербалды деңгейде жағдаятты бағалауы мен реакциясын білдіретін факторлар. Әзіл-оспақ ниетін, әзілдесуге деген ұмтылысты лингвомәдени қасиет ретінде сипаттауға болмайтынын атап өткен жөн, өйткені әзіл-қалжың әр адамның жеке қасиеттеріне байланысты. Алайда әзілді түсіну және тану мәдениеттің жалпы контекстіне қатысты.

В. И. Карасик әзіл-оспақ атмосферасы деп «қарым-қатынас қатысушыларының бір жағынан, бір-біріне деген достық байланысын және екінші жағынан, белгілі бір құндылықтардың өзгеруімен сипатталатын қарым-қатынастың эмоционалды атмосферасын» түсінеді [20, 145]. Басқаша айтқанда, бұл қарым-қатынас қатысушыларының әзілге деген өзара көңілкүйі, болып жатқанның бәрін күлкі түрінде түсіну, қабылдау. Бұл әзілдесуге, қалжыңдасуға, күлуге дайын болу және соған құмарту.

Күлкі мінез-құлқының модельдеріне келетін болсақ, оларда әзіл-қалжыңдар, әзіл-оспақ, күлкіге тән реакциялар және кейбір сөйлеу, негізінен, әзіл-оспақ, анекдот сияқты іс-әрекеттерге тән жанрлық құрылымдармен сипатталатын бастаулар болады. Күлкі мінез-құлқының бастауы – бұл күлкілі емес әңгіменің күлкіге айналу үдерісі. Мұндай ауысу әзіл-оспақ қарым-қатынасының жанама және тікелей сигналдары арқылы жүзеге асырылады. Әзіл-оспақ қарым-қатынастың жанама сигналдарына келесі факторлар, дауыстың және ым-ишараның маңызды өзгерістері, тікелей сигналдарға қарым-қатынас атмосферасының өзгеруін күту керек екендігі туралы айқын хабарлама жатады.

Күлкі реакциялары туралы айтатын болсақ, В. И. Карасик белгілі бір мәдениетке тән эмоционалды өзін-өзі бақылау дәрежесін білдіреді деп қарастырғанын айта кету керек [20]. Егер адресат өзінің күлкісін тежеуге тырысса немесе керісінше, көтеріңкі көңілкүйді көрсетсе, біз статистикалық жалпылауға бағынатын қандай да бір типтік күлкі реакциясына тап боламыз.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала ҚР ҒЖБМ 2023–2025 жылдарға арналған мемлекеттік грантымен қаржыландырылатын ИРН AP19676461 «Әзіл-оспақ дискурсындағы этникалық стереотиптер мен күлкі категориясы: салғастырмалы аспекті» ғылыми жобасы аясында жазылды.

Қорытынды

Сонымен, әзіл-оспақ дискурсы «күлкілі қарым-қатынас жағдаятындағы мәтін», өмір шындығын бейнелеудегі күлкілі қарым-қатынас жағдаятындағы мәтін деп анықтаймыз, оған экстралингвистикалық, әлеуметтік, мәдени, психологиялық және тағы басқа факторлар ықпал етеді деп тұжырымдаймыз. Әзіл-оспақ дискурсы ұғымын анықтап алған соң, оның жанрлық жіктелуіне назар аударған дұрыс.

Әзіл-оспақ дискурсының репрезентативті, декларативті, бағалау, коммуникативті, карикатуралық, фатикалық, референтті, аккумулятивті, конативті әзіл-оспақ жанрлары болатыны анықталды.

Әзіл-оспақ дискурсын талдау кезінде әзіл-оспақ ниеті (коммуникативті ниет), әзіл-оспақ тоналдылығы (күлкі атмосферасы), сондай-ақ әзіл-оспақ мінез-құлқының стереотиптері (күлкі мінез-құлқының үлгілері) сияқты

үш белгіге назар аударған жөн. Жоғарыда аталған белгілердің барлығы күлкі жағдаятына (әзіл-оспақ дискурсына) енген мәтінге тән белгілер болып табылады және осы белгілерді сақтай отырып, біз адамның табиғи реакциясын – күлкіні тудырамыз, бұл сонымен қатар адамның этникалық ерекшелігін анықтауға мүмкіндік береді. Фольклорлық дискурстың бір түрі болып саналатын әзіл-оспақ дискурсын салғастырмалы зерттеулер екі немесе үш тіл негізінде қарастырылғанына қарамастан, әзіл-оспақ дискурсының когнитивті көрінісіне қатысты мәселелерді түпкілікті шешілген деп санауға болмайды. Бұл мәселені шешу белгілі бір тілде сөйлейтін және ортақ мәдени құндылықтар жүйесі бар адамдардың дүниетанымының жалпы және ұлттық ерекшеліктерін көрсету тұрғысынан әзіл мәтіндеріндегі этникалық стереотиптер мен күлкі категориясын жан-жақты зерттеудің жаңа жолдарын іздеуді талап етеді. Қазақ тілінде әзіл-оспақ дискурсы құрылысы әртүрлі бірнеше тілдердің материалдары бойынша салғастырмалы аспектіде зерттелмегені анықталды. Бұл ғылыми жұмыстың болашақ бағыт-бағдары болып саналады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 **Қожакеев, Т.** Сатира негіздері [Мәтін] / Т. Қожакеев. – Алматы : Санат. – 1996. – 464 б.

2 **Салихова, А.** Қазақ тіліндегі комика тудырудың тілдік табиғаты: филол. ғылым. канд... дисс. : 10.02.02. – қазақ тілі [Мәтін] – Алматы. – 2001. – 112 б.

3 **Ибраева, Г.** Сықақ жанрында қолданылатын тілдік амал-тәсілдер : Филол. ғылым. канд... дисс. авторефер. : 10.02.02. – қазақ тілі [Мәтін] – Астана. – 2010. – 25 б.

4 **Смағұлова, Г. Н., Әмірханова, Г. А.** Қазақ әзілдерінің тақырыптық ерекшеліктері [Мәтін] // ҚазҰУ Хабаршысы, Филология сериясы. – № 1(159). – 2016. – Б. 234–239. <<https://philart.kaznu.kz/index.php/1-FIL/article/view/1866>>.

5 **Жумагулова, В. И.** Сатира и юмор в прессе Казахстана [Текст] – Алматы, 2001. – С. 243.

6 **Мәуленова, Б. М.** Қазақ сатирасының тілі (лингвистикалық сипаттама): Филол. ғылым. канд... дисс. авторефер. : 10.02.02. – қазақ тілі [Мәтін] – Астана. – 2006. – 23 б.

7 **Қопаева, А. Қ.** Көркем мәтіндегі қалжыңдар және тілдік оралымдар: лингвомәдени аспект [Мәтін] // Торайғыров университетінің хабаршысы Филологиялық серия. №4. – 2022. – Б. 159–167. <https://doi.org/10.48081/IJQSS5670>

8 **Альжанова, А. Б., Альжанов, М.** Қазақстандағы орыс тілді баспасөздегі сатиралық дискурс [Мәтін] // Әл-Фараби ат. ҚазҰУ хабаршысы. Журналистика сериясы, 54 том, № 4. – 2019. – С. 47–56. [/doi.org/10.26577/HJ-2019-4-j6](https://doi.org/10.26577/HJ-2019-4-j6)

9 **Attardo, S., Raskin, V.** Script theory revis(it)ed: Joke similarity and joke representation model [Text] // HUMOR: International Journal of Humor Research. – 1991. – 4(3–4). P. 293–347.

10 **Grice, P.** Logic and conversation [Text] // P. Cole, J. L. Morgan eds. Speech acts. – 1975. – (3). – P. 41–58.

11 **Attardo, S.** Violation of conversational maxims and cooperation : The case of jokes [Text] // Journal of Pragmatics. – 1993. 19(6). – P. 537–558.

12 **Chlopicki, W., Brzozowska, D.** Humorous Discourse [Text] – Berlin, Boston: DeGruyterMouton, 2017. [Electronic resource]. – URL : https://books.google.kz/books?id=81BKDWAAQBAJ&printsec=frontcover&hl=ru&source=gs_ge_summary_r&cad=0 – (Review date: 11.09.2021).

13 **Davies, Ch.** Ethnic humor around the world: A comparative analysis [Text] / Christie Davies. –Bloomington; Indianapolis: Indianauniv. press, Corp. – 1990. – 404 p.

14 **Пропп, В. Я.** Морфология волшебной сказки [Текст] – Л. – 1982. – 168 с.

15 **Бергсон, А.** Смех [Текст] / Предисл. и примеч. И. С. Вдовина. – М. : Искусство, 1992. – 127 с.

16 **Leacock, S.** Humour and Humanity: An Introduction to the Study of Humour [Text] – New York, Henry Holt and Company. – 1938. – 280 p.

17 **Карасик, В. И.** Анекдот как предмет лингвистического изучения [Текст] // Жанры речи: Межвуз. сб. науч. тр. – Саратов: Колледж. – 1997. – Вып.1. – С. 175–182.

18 **Кулинич, М. А.** Лингвокультурология юмора (на материале английского языка) [Текст] – Самара : Изд-во Самар. гос. пед. ун-та. – 1999. – 156 с.

19 **Boxer, D., Cortés-Conde.** Florencia from bonding to biting: Conversational joking and identity display [Text] // Journal of pragmatics. –1997. – № 27. P. 71–79.

20 **Карасик, В. И.** Языковой круг: личность, концепты, дискурс [Текст] – В. : Перемена. – 2002. – 477 с.

References

1 **Qojakeev, T.** Satira negızderi / T. Qojakeev [Basics of satire] [Text] – Almaty : Sanat, 1996. – 464 p.

2 **Salihova, A.** Qazaq tılındegі komika tudyruyñ tıldık tabıǵaty: filol. ğylym. kand... diss. : 10.02.02. – qazaq tılı [Linguistic nature of creating comics in the Kazakh language: dissertation written for the degree of candidate of philological sciences. : 10.02.02. - Kazakh language] [Text] – Almaty, 2001. – 112 p.

3 **İbraeva, G.** Syqaq janrynda qoldanylatyn tıldık amal-täsilder : filol. ğylym. kand... diss. avtoref. : 10.02.02. – qazaq tılı [Linguistic techniques used in the literary genre: the author's abstract of the dissertation written for the degree of candidate of philological sciences, author's reference: 10.02.02. - Kazakh language] [Text] – Astana, 2010. – 25 p.

4 **Smaǵūlova G. N., Ąmirhanova G. A.** Qazaq āzılderınıñ taqyryptyq erekшелikterі [Thematic features of Kazakh jokes] [Text] //KazNU Herald, Philology series, № 1(159), 2016. – P. 234–239.

5 **Zhumagulova, V. I.** Satira i jumor v presse Kazahstana [Satire and humor in the press of Kazakhstan] [Text] – Almaty, 2001 – P. 243.

6 **Mäulenova, B. M.** Qazaq satirasynyñ tılı (lingvistikalıyq sipattama): : filol. ğylym. kand... diss. avtoref. : 10.02.02. – qazaq tılı [The language of Kazakh satire (linguistic description): the author's abstract of the dissertation written for the degree of candidate of philological sciences, author's reference: 10.02.02. – Kazakh language] [Text] – Astana, 2006. – 23 p.

7 **Qopaeva, A. Q.** Kōrkem mātındegі qaljyñdar jāne tıldık oralymdar: lingvomādeni aspekt // Toraiǵyrov universitetiniñ habarşysy Filologialyq seria [Jokes and language reversals in literary text: linguistic and cultural aspect] [Text] // Bulletin of Toraygyrov University Philological series] № 4. – 2022. – P. 159–167. <https://doi.org/10.48081/JPQS5670>

8 **Ąljanova, A. B., Ąljanov, M.** Qazaqstandaǵy orys tıldı baspasōzdegi satiralıyq diskurs [Satirical discourse in the Russian-language press in Kazakhstan // Al-Farabi KazNU Herald. Journalism Series, Volume 54] [Text] № 4. – 2019, – P. 47–56. /doi.org/10.26577/HJ-2019-4-j6

9 **Attardo, S., Raskin, V.** Script theory revis(it)ed: Joke similarity and joke representation model [Text] // HUMOR: International Journal of Humor Research. 1991. 4(3-4). P. 293–347.

10 **Grice, P.** Logic and conversation [Text] // P. Cole, J. L. Morgan eds. Speech acts, 1975. (3). – P. 41–58.

11 **Attardo, S.** Violation of conversational maxims and cooperation: The case of jokes [Text] // Journal of Pragmatics, 1993. 19(6). – P. 537–558.

12 **Chlopicki, W., Brzozowska, D.** Humorous Discourse [Text] – Berlin, Boston : DeGruyterMouton, 2017. [Electronic resource]. – URL : https://books.google.kz/books?id=81BKDwAAQBAJ&printsec=frontcover&hl=ru&source=gs_ge_summary_r&cad=0 – (Review date: 11.09.2021).

13 **Davies, Ch.** Ethnic humor around the world : A comparative analysis [Text] / Christie Davies. – Bloomington; Indianapolis : Indiana Univ. press, Cop. 1990. – 404 p.

14 **Propp, V. Ja.** Morfologija volshebnoj skazki [Morphology of a fairy tale] [Text] – L., 1982. – 168 p.

15 **Bergson, A.** Smeh / Predisl. i primech. I. S. Vdovina [Laughter [Text] / Foreword and note by I.S. Wdovina] – M. : Art, 1992. – 127 p.

16 **Leacock, S.** Humour and Humanity: An Introduction to the Study of Humour [Text] – New York, Henry Holt and Company, 1938. – 280 p.

17 **Karasik, V. I.** Anekdot kak predmet lingvisticheskogo izuchenija // Zhanry rechi : Mezhevuz. sb. nauch. tr. [Anecdote as a subject of linguistic study [Text] // Genres of speech: Interuniversity collection of scientific papers] – Saratov : College, 1997. – Issue 1. – P. 175–182.

18 **Kulinich, M.A.** Lingvokul'turologija jumora (na materiale anglijskogo jazyka) [Linguoculturology of humor (on the material of the English language)] [Text] – Samara : Samar Publishing House. state ped. university, 1999. – 156 p.

19 **Boxer, D.** Cortés-Conde. Florencia from bonding to biting: Conversational joking and identity display [Text] // Journal of pragmatics. – 1997. – № 27. – P. 71–79.

20 **Karasik, V. I.** Jazykovoj krug: lichnost', koncepty, diskurs [Language circle: personality, concepts, discourse] [Text] – V. : Change, 2002. – 477 p.

25.08.23 ж. баспаға түсті.

25.01.24 ж. түзетулерімен түсті.

26.08.24 ж. басып шығаруға қабылданды.

*С. С. Исакова¹, Н. К. Култанбаева², Г. Г. Ерембаева³

^{1,2,3}Актюбинский региональный

университет имени К. Жубанова,

Республика Казахстан, г. Актобе.

Поступило в редакцию 25.08.23.

Поступило с исправлениями 25.01.24.

Принято в печать 26.08.24.

ЮМОРИСТИЧЕСКИЙ ДИСКУРС: ИССЛЕДОВАНИЕ, ОПРЕДЕЛЕНИЕ, КЛАССИФИКАЦИЯ И ХАРАКТЕРНЫЕ ЧЕРТЫ

Статья посвящена изучению юмористического дискурса. Актуальность исследования объясняется тем, что юмористический дискурс в казахском языкознании не являлся предметом специального

исследования. Известно, что понятия, относящиеся к категории юмора, сатиры и т.д. всесторонне рассматриваются в областях философии, психологии, логики, литературоведения. Однако изучение юмористического дискурса в рамках антропогенной парадигмы языкознания позволяет выявить общечеловеческие универсальные черты и этнические особенности. В научной работе проводится анализ определений термина дискурс. Рассматривается изучение юмористического дискурса зарубежными и отечественными исследователями. Проанализированы определения понятия юмористического дискурса, предложен собственный вывод. Определяется разность понятий смех и комедия. Жанровая классификация юмористического дискурса изучается по теории речевого акта и учения о текстоведении. Юмористический дискурс определяется как репрезентативный, декларативный, оценочный, коммуникативный, карикатурный, фатический, референтный, аккумуляторный, конативный юмористические жанры. Выделяют три характерных признака юмористического дискурса: коммуникативное намерение участников общения отказаться от серьезного разговора; юмористическая атмосфера общения, т. е. свободное общение в дружеских отношениях, отсутствие стеснения, колебания и желание критически мягко пересмотреть актуальные понятия; смехотворное поведение, наличие определенных моделей поведения, принятых в этой лингвокультурной среде.

Ключевые слова: юмористический дискурс, смех, юмор, комическое, жанры речевого акта, юмористическая атмосфера, поведение смеха, коммуникативное намерение.

*S. S. Issakova¹, N. K. Kultanbayeva², G. G. Ermekbayeva³

^{1,2,3}K. Zhubanov Aktobe Regional University,
Republic of Kazakhstan, Aktobe.

Received 25.08.23.

Received in revised form 25.01.24.

Accepted for publication 26.08.24.

HUMOROUS DISCOURSE: STUDY, DEFINITION, CLASSIFICATION AND CHARACTERISTIC FEATURES

The article is devoted to the study of humorous discourse. The relevance of the study is explained by the fact that humorous discourse is not a special object of study in Kazakh linguistics. It is known that the

concepts belonging to the category of humor, revenge, etc. are considered in detail in the fields of philosophy, psychology, logic and literary studies. However, the study of humorous discourse within the framework of the anthropocentric paradigm of linguistics allows us to identify human and ethnic characteristics. The scientific work analyzes the definitions given to the term discourse. The study of humorous discourse by foreign and domestic researchers is considered. After analyzing the definitions given to the concept of humorous discourse, a kind of conclusion is proposed. A distinction is made between the concepts of laughter and comedy. The genre classification of humorous discourse is studied according to the theory of the act of speech and the doctrine of textual studies. It is established that humorous discourse has representative, declarative, evaluative, communicative, caricature, phatic, referent, accumulative, conative humorous genres. Three characteristic features of humorous discourse are distinguished: the communicative intention of the participants in the relationship to abandon a serious conversation; the humorous atmosphere of communication, that is, free communication in friendly relations, the lack of cramming, hesitation and the desire to critically revise relevant concepts in a soft way; the presence of certain patterns of laughter behavior adopted in this linguocultural environment.

Keywords: humorous discourse, laughter, humor, comedy, speech act genres, humorous atmosphere, laughter behavior, communicative intent.

Теруге 26.08.2024 ж. жіберілді. Басуға 26.09.2024 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

4,12 МБ RAM

Шартты баспа табағы 30,39. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова, М. М. Нугманова

Тапсырыс № 4273

Сдано в набор 26.08.2024 г. Подписано в печать 26.09.2024 г.

Электронное издание

4,12 МБ RAM

Усл. печ. л. 30,39. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова, М. М. Нугманова

Заказ № 4273

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz